

**Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті жаңындағы «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті», (8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті), «6D020500 – Филология» (8D02301 – Филология) мамандықтары бойынша философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияларды қорғау бойынша диссертациялық кеңестің 2023 жылғы жұмысының жылдық**

## **ЕСЕБІ**

Диссертациялық кеңестің төрагасы педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж.Н.Сүлейменова Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті ректорының 2021 жылғы 11 маусымындағы бұйрығымен бекітілді.

Диссертациялық кеңеске төмөндегі мамандықтар бойынша диссертация қорғауға қабылдауга рұқсат беріліген:

6D011700 – Қазақ тілімен әдебиеті (8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 8D017 – Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау);

6D020500 – Филология (8D02301 – Филология, 8D023 – Тілдер және әдебиет).

1. Өткізілген отырыстар саны - 14 (тағайындау, қорғауға қабылдау, диссертацияны қорғау)

2. Отырыстардың жартысынан аз қатысқан диссертациялық кеңес мүшелері жок.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі:

№	Докторанттың ТЕӘ	Мамаманды шифры, атауы	Оқу мекемесі
1	Нуртаева Айсулу Балтабаевна	8D02301 – Филология	Қазақ ұлттық қыздар педагикалық университеті
2	Сейсенбиеva Элеонора Сарсеналиевна	6D020500 – Филология	Қазақ ұлттық қыздар педагикалық университеті
3	Балабекова Катира Шахмановна	6D020500 – Филология	Қазақ ұлттық қыздар педагикалық университеті
4	Рысқұлбек Дидар Жылқыбайқызы	6D020500 – Филология	Қазақ ұлттық қыздар педагикалық университеті
5	Малик Майра Маликқызы	6D020500 – Филология	Әл-Фараби ат.ҚазҰУ
6	Жауыншиева Жазира Билимовна	6D020500 – Филология	Қазақ ұлттық қыздар педагикалық университеті
7	Молдабаева Карлыгаш Ергазиевна	8D02301 – Филология	Қазақ ұлттық қыздар педагикалық университеті

**4. Есепті жыл аттында көпесте қарастырылған диссертацияларға күсекші талдау, көлесі болымдерге мән берілді:**

Карастырылған жұмыстардың тақырыптарын талдау, диссертация тақырыптарының ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сонымен катар миссиялық республикалық және аймақтық ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалармен байланысты.

Диссертациялық көпесте қарастырылған диссертациялар Қазақ тіл білімінде теориясы және алдатасында дайындалған салалалық бағдарламалардың аясында және олардың тақырыптары мен мақсат-міндеттері «Рухани жаңғыру», «Мадени мұра», «Цифрлық Қазақстан» т.б. манызды мемлекеттік бағдарламалармен тікелей байланысты.

**Нуртаева Айсулуу Балтабаевшының** «Қазақ тіліндегі әнантиосемия: лингвомәдениеттік аспект» диссертациялық зерттеуі тілдегі сөз магыналарының туындаудың ұлттық таным асер ететінін, әуелі денотаттық магына, содан сигнификаттық, коннотативтік магыналардың туындан, әнантиосемияны туындауда ықпал ететіндігі; әнантиосемияның лингвомәдени аспектісі халықтың ұғым-түсініктерімен байланысты болатындығы; әнантиосемияның коммуникативті магынаның бір түрі деп танылатындығы, әнантиосемияның оппозиция мүшелері қарама-карсы мәнде болумен катар, оларға тән ортақ белгінің болу керектігі; әнантиосемиялар тек кана әдеби тілде ғана емес, диалектілік говорларда да кездесетіндігі; әнантиосемияны лексикалық семантиканы дербес категориясы ретінде қарастыру керектігі ауқымды дәлелдемелерде негізделген.

**Сейсенбиеva Элеонора Сарсеналиевнаның** «XIX ғасырдағы казак әдебиетіндегі экзегетикалық дәстүр» тақырыбындағы зерттеу жұмысы казіргі антропоэзекті зерттеулер катарына енеді. Бұкіладамзаттық мәнге ие мұсылмандық ағартушылық бағыттың XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі даму үдерісін шығармашылық тұлға мұрасының негізінде шығыстық, ортагасырлық түркі әдебиетімен дүниетанымдық, әдеби сабактастық, төлпума мәнінде тануға, діни ағартушылық бағыттың тарихи алғышарттарын, ұлттық ойшыл тұлғалардың дін негіздерін ұғындырудады ғылыми ұстанылардың жаңаша зерделеуте жол ашады. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен ондағы пайымдаулардың діни ағартушылық бағыттың тарихи даму кезеңдерін, ұлттық құндылыктарын, дәстүрлерін, көркемдік тәсілдерін, жанрлық-поэтикалық ерекшеліктерін жеке тұлға мұрасында нақтытай түсуге үлес қосады. XIX ғасырдағы казақ әдебиетінің поэтикасы және экзегетикалық дәстүр дискурсы теориясының толыға түсүіне өз үлесін қосады. Экзегетикалық дәстүр жөніндегі тұжырымдар өзге де әдеби категорияларды кешенді зерттеуге жол ашады.

**Балабекова Катира Шахмановна** «Әтникалық ментальділіктің тілдік репрезенттелеу (қазақтың тұрмыс-салт ертегілері негізінде)» атты зерттеу жұмысында қазақтың тұрмыс-салт ертегілеріндегі этникалық ментальділікті когнитивті тұрғыдан зерттеу арқылы халық санасының, ойы мен танымының құрылымын көрсетуге тырыскан, ауыз әдебиетінің үлгісі арқылы тілдің ақырат болмыс туралы білімді сақтап, жеткізуши ретіндегі қызметін көрсеткен. Яғни қазақтың тұрмыс-салт ертегілерін жаңаша сипаттап, когнитивтік тұрғыдан зерттей отырып, тілдің таңбалар жүйесі арқылы берілген ұлттық ділдің өзіндік ерекшелігін айқындаған. Соның негізінде қазіргі қазақ тілінің сан ғасырлық тарихын, фольклор тілімен сабактастығын сипаттайды. Бұл тұрғыдан алғанда, зерттеу жұмысының маңызы өте зор.

**Рысқұлбек Дидар Жылқыбайқызының** «Түркі тілдеріндегі сан категориясы: салыстырмалы-тарихи, когнитивті талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы түркі тілдеріндегі сан категориясын салыстыра зерттей отырып, әр ұлттың этномәдени санасында қалыптасқан ғалам бейнесін нақтылауга арналған. Жұмыста сан категориясын әмбебап категория ретінде сипаттай отырып, халық танымындағы сандардың символдық мәні, сан компонентті фразеологизмдердің ұлттық-мәдени семантикасы ғаламның тілдік бейнесін анықтауга мүмкіндік беретін, мазмұн межесі мен тұрпат межесі бар, халық

тәнімшын, үлттық ойлау ерекшеліктерін көрсететін лингвомәдени, когнитивті бірлік ретінде маңыздылыны анып көрсетілген.

Диссертациялық жұмыста түркі тілдеріндегі сан категориясын білдірудің тәсілдері салыстырылып, контекст, жекелік ұғымдар әлемнің тілдік бейнесінде талданады. Сонын нәтижесінде түркілік ортастық аныкталды. Аталмыш ғылыми тұжырымдар түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, лингвомәдениеттамы, когнитивті лингвистика, асоциативті лингвистика салалары бойынша жүргізілген зерттеулерге үлес коса алды.

**Малик Майра Маликкызы** «Өлеуметтік желілердегі сөйлеу қызметтінің прагматикасы және функциясы» атты докторлық жұмысында әлеуметтік желідегі интернет-коммуникацияның түрлерін ажыратып, ондағы коммуникация, сөз мәдениеттің негізгі критерийлері, тілдік, коммуникативтік, этикалық нормаларлардың әлеуметтік желідегі көрінісі жан-жакты талдайды. Әлеуметтік желілердің пайда болуы мен колданыска енгей сөздердің жасалу жолдары, олдың функциясы, шет тілдік жана колданыстар тобы мен олардың семантикасы, тілімізге ықпалы зерделенеді. Желінің пайдаланушылар дискурсының прагматикасы көп аспектілілігімен ерекшеленетіндігі аныкталып, әлеуметтік желідегі комментарийлердің дискурсы прагматикалық түрғыдан зерттеледі.

**Жауыншиева Жазира Билимовна** «Казак, орыс және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі сандық код: семантика мен символикасы» («Числовой код в казахской, русской и английской лингвокультурах: семантика и символика») тақырыбындағы зерттеуінде «сан» ұғымы, сандық құндылыктар семантикалық және символдық мағыналарға негізделген тарихи, мәдени және құндылық мәндердің жиынтығы ретінде мәдени код позициясынан зерттеледі. Сандық кванттау лингвоцентрлік, текстоцентрлік және антропоцентрлік тәсілдер шенберінде казак, орыс, ағылшын тіліндегі материалдар негізінде салғастырыла сипатталады.

**Молдабаева Карлыгаш Ергазиевна** «Академиялық жазылым түрлерін модельдеудің теориясы мен практикасы» тақырыбына жазылған докторлық диссертациясында академиялық жазылымның жалпы тіл біліміндегі, казак тіл біліміндегі зерттелуін саралай отырып, әлі де нақтылауды кажет ететін тұстарын көрсетеді; академиялық жазылым мәдениеті мен этикасын талдап, плагиаттың туындау себептері айқындайды; академиялық мәтіннің жанрлары топтастырып, талдайды; академиялық жазылым түрлерін жіктең, топтастыруға катысты өз модельдерін ұсынады; эссе жанрын саралап, модельдерін көрсетеді; студенттердің академиялық жазылым түрлері бойынша менгеруі тиіс дағдыларды анықтап, жазба жұмысты бағалаудың өлшемшарттары ұсынады.

#### **Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке кең түрде ену деңгейін талдау.**

**А.Нуртаеваның** зерттеу жұмысы тілдегі сөз мағыналарының туындаудың үлттық таным әсер ететінін, әуелі деңотаттық мағына, содан сигнификаттық, коннотативтік мағыналардың туындалып, энантиосемияны тудыруға ықпал ететіндігі; энантиосемияның лингвомәдени аспектісі халықтың ұғым-түсініктерімен байланысты болатындығы; энантиосемияның коммуникативті мағынаның бір түрі деп танылатындығы; энантиосемияның оппозиция мүшелері қарама-карсы мәнде болумен катар, оларға тән ортак белгінің болу керектігі; энантиосемиялар тек қана әдеби тілде ғана емес, диалектілік говорларда да кездесетіндігі; энантиосемияны лексикалық семантиканың дербес категориясы ретінде қарастыру керектігі туралы дәлелдемелерде негізделген. Зерттеу материалдарын стилистика теориясына, әдеби тіл нормасы, мәтін стилистикасы ерекшеліктерін нақтылауда өзіндік үлес косады. Энантиосемия катысты арнайы курстарда, мәтін стилистикасында, тілдік катынас, мәтін лингвистикасы, сөйлеу коммуникациясы теориялары, казіргі казак тілінің лексикология, фразеология салалары бойынша дәріс окуда, курс жұмыстары мен диплом жұмыстары үшін пайдалануға болады.

Ғылыми жұмыстары қағидаттар 8 мақалада дәлелденген. Соның ішінде, 1 мақала Scopus ғылыми дереккөрье базасына кіретін басылымда, 4 мақала Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің

нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 1 макала халыкаралық шетелдік журналда, 2 макала халыкаралық конференция материалдар жинағында жарық көрген.

**Э.Сейсенбиееваның** зерттеу жұмысынын практикалық манызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерін «Абайтану», «Отаршылдық дәүірдегі адебиет», «Казак әдебиетінің тарихы» секілді жалпы, тандамалы курстарда, ғылыми жұмыстарды жазуда кеңінен колдануға болады.

Зерттеу жұмысынын негізгі мазмұны бойынша 17 макала жарияланған. Онын ішінде – 1 макала Scopus базасына кіретін журналдарда, КР Жоғары және Ғылым Министрлігі Білім саласындағы сапаны бакылау және қамтамасыз ету комитеті тізіміндегі басылымдарда – 10; халыкаралық конференцияларда – 6 макала (онын ішінде шетелдік – 2, отандық – 4) жарық көрген.

**К.Балабекованың** зерттеу нәтижесінде 31 ертегі бойынша жілік сөздік түзілген. Казак тұрмыс-салт ертегілері бойынша түзіліп, зерттеуге негіз болған жілік сөздіктегі сөздізбе саны 8884 бірлік, сөзколданыс саны 34 973 бірлікті құраған. Колданылу жілілігі жоғары 54 сөз анықталып, 15 сөздін этимологиясы анықталған. Тарихи лексикалық корды құрайтын 406 сөз көне түркілік (124 сөз) және түркі тілдеріне ортақ (282) сөздерге ажыратылып, 6 сөзге этимологиялық талдау жасалған. 271 казактың байыргы сөзі анықталып, ұлттық ділдің тілдік репрезенттері ретінде 30 сөз талданған. 31 макал-мәтел, 17 фразеологизм, 5 жұмбак, 5 салт-дастүр, 11 этнолингвистикалық атау талданған. Фольклорлық концептілердің құрамында 26 сөз талданған. Зерттеу материалын сөздік тuzu барысында (казак фольклоры сөздігін құрастыруда, тезаурус сөздік жасауда, этнолингвистикалық сөздіктер құрастыруда) пайдалануға болады. Сондай-ақ жоғары оку орындарының филология факультеттерінде казак тілінің тарихы, этимология, лексикология, лексикография, статолингвистика, лингвофольклортану, когнитивтік лингвистикаға арналған пәндерден дәріс оку барысында, тұрмыс-салт ертегілерінің зерттелу тарихы мен тілдік ерекшеліктері жайында элективті курстарда колдануға болады.

Зерттеушінің 13 макаласы жарияланған. Онын ішінде – 1 макала Scopus базасына кіретін журналдарда, КР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті тізіміндегі басылымдарда – 4; халыкаралық конференцияларда – 8 макала (онын ішінде шетелдік – 3, отандық – 5) жарық көрген.

**Д. Рысқұдебектің** ғылыми зерттеу жұмысынын тұжырымдары мен нәтижелері, диссертацияның жалпы материалдары салыстырматы тіл білімі, жалпы тіл білімі пәндеріне көмекші материал, жоғары оку орындарының филология мамандықтарындағы студенттерге түркі тілдерінің грамматикасы, казак тілінің тарихи грамматикасы, когнитивті грамматика, функционалды грамматика, ассоциативті лингвистика пәндерін оқытуда қажетті қосымша құрал бола алады.

Диссиденттың 10 макаласы жарияланған. Соның ішінде 2 макала Scopus ғылыми дереккорына кіретін басылымда, 2 макала Қазақстан Республикасы Бакылау комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 4 макала халыкаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда (симпозиумдарда), 1 макала шетелдік басылымда, 1 макала отандық басылымда жарияланды.

**М. Маликтің** диссертациясынын негізгі қагидалары, тұжырымдары, нәтижелері мен қорытындылары жоғарғы оку орындарында, жалпы білім беретін немесе арнайы, тереңдетіліп оқытылатын мектеп, гимназия, лицей, колледждерде жүргізілетін колданбалы, элективті курс үшін негізгі материал болады. Бұл жұмыстың практикалық және колданбалы құндылығы казіргі дамып, жетілген казак әдеби тілін сактап қалу үшін нактылы шаралар ұсынады, сонымен катар «Әлеуметтік желінің тіл мәдениеті», «Әлеуметтік желідегі тілдік норманы сактау», «Әлеуметтік желідегі сез көтөліктегі атты нұсқаулықтар мен анықтағыштар шығаруға негіз болады. Осы ғылыми жұмыс негізінде мектеп окушыларының, ЖОО студенттерінің тіл мәдениетін қалыптастыруға арналған старт-ап жобалар жасауға болады. Бұл зерттеу жұмысының материалдары «Прагмалингвистика», «Интернет коммуникация және сез мәдениеті», «Прагмастилистика», «Іскерлік

журналистика», «Интернет-дискурс» сияқтығының және арнаулы курстар жүргізуде, оку құралдарын жазу барысында қолданылады.

Зерттеу жұмысы бойынша жарияланымдар саны – 9. Оның ішінде комитет ұсынатын басылымдарда – 3, Scopus базасындағы басылымда – 2, халықаралық конференция материалында – 4, шетелдік конференция материалында – 4.

**Ж.Жауыншиеваның** зерттеу жұмысы тіл теориясында, салыстырмалы фразеология, лингвомәдениеттану, социолингвистика және мәдениетаралық коммуникация бойынша арнайы курстарда қолдану мүмкіндігін тұрады. Зерттеу материалдары көптілді аударылған фразеологиялық сөздіктерді, лингвистикалық түсіндірмелері бар мәдени сөздіктерді, көркем мәтіндерді аудару процесінде пайдаланылуы мүмкін, сондай-ақ казіргі заманғы ақпараттық дереккөздерде – ұлттық тіл корпустарына енгізу мүмкіндігі бар.

Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны бойынша 14 макала жарияланған. Оның ішінде – 1 макала Scopus базасына кіретін журналдарда, КР Жоғары және Фылым Министрлігі Білім саласындағы сапаны бақылау және қамтамасыз ету комитеті тізіміндегі басылымдарда – 7; халықаралық конференцияларда – 6 макала (оның ішінде шетелдік – 4, отандық – 2) жарық көрген.

**К.Молдабаеваның** диссертациялық жұмысы қазақ ғылымындағы академиялық жазылымның қалыптасу тарихы, дамуы, зерттелуі, сондай-ақ ғылыми коммуникациядағы конвенциялардың жаңаша сипат алуы, жарияланымдарды жаңаша рәсімдеу, академиялық жазылым жанрларының құрылымдары, модельдеу, модельдеудің жолдарының теориясын толықтырады. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер орта мектептерде, ЖОО-дағы үш деңгейлі (бакалавриат, магистратура, докторантура) білім беру жүйесінде академиялық жазылымды оқытудың әдіс-тәсілдері мен бағыттарын анықтауда, жазбаша коммуникацияға түсетін студенттерді жаңа интеграциялық ортада карым-қатынас жасауға үретуде, оқытудың кешенді бағдарламаларын, оку құралдарын жазуда, ресми құжаттар мен басқа да ғылыми стиль түрлерінде дайындалатын мәтіндерде кеңінен қолданады.

Зерттеудің негізгі тұжырымдары, корытындылары мен нәтижелері бойынша 10 макала жарияланған. Соның ішінде, 1 макала Scopus ғылыми дереккөры базасына кіретін басылымда, 3 макала Қазақстан Республикасы Фылым және жоғары білім министрлігінің Фылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бектіткен басылымдарда, 1 макала халықаралық шетелдік журналда, 5 макала халықаралық конференция материалдар жинағында жарық көрді.

##### **5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).**

Докторанттардың зерттеу жұмыстарына бекітілген ресми рецензенттердің пікірлері уақытында ұсынылды. Олардың пікірлері КР БФМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің бекіткен талаптарына сай келеді. Берілген пікірлері он болды.

Рецезенттер тараулынан сапасыз карым-қатынас фактілері анықталмады.

##### **6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.**

Шетелдік ЖОО-ларда докторантура бағдарламасында оқытын білімгерлер 4 жылдық жүйемен оқытылады. Осымен байланысты докторантурада оку мерзімін ұзарту ұсынылады.

##### **7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты болінісіндегі саны:**

Мамандық шифры, атауы		
	6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті	6D020500 – Филология 8D02301 – Филология
Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);		1

Қорапудан алғынып тастанған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);		
Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);		
Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);		
Пысықтауга жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);		
Қайта қоргауга жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының).		
Коргалған диссертациялардың жалпы саны		7

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Сүлейменова Ж.Н.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

Рысқұлбек Д.Ж.